*Ж.Ташенов атындағы жалпы білім беретін мектеп*

# *Шығармашылық топ жұмысы*

**«Бекітемін»:**
**Мектеп директоры: С.Маханов**

**Ж.А.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебінің**
**2023-2024 оқу жылындағы шығармашылық топтың жұмыс жоспары**

**Топты құру мақсаты:**
**Сыни ойлауды дамыту әдісін іс жүзінде қолдану үшін енгізуге бағытталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа педагогтарды тарту.**

| № | Атқарылатын жұмыстар | Мерзімі | Жауапты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Шығармашылық топ жоспарын бекіту | Қыркүйек | Ж.Мелдехан | Жоспар |
| | "Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту" мұғалімдерге шебер сынып | Қазан | П.Жунисова | Коучинг жоспары, Хаттама, |
| 4 | STEM-мектеп оқушыларын оқытудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудің негізгі тренд | Қараша | Г.Уткельбаева | Коучинг жоспары, Хаттама, |
| 5 | Сабақта жаңа әдіс- тәсілдерді қолдану | Желтоқсан | З.Исабекова | Коучинг жоспары, Хаттама. |
| 6 | Пәндік апталықтар барысында деңгейлік бағдарламалар бойынша коучингтер өткізу, мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдер қолдануға көмек беру( теориялық және әдістемелік көмек) | Қаңтар | ДБОЖО Курстан өткен мұғалімдер. | Сабақ жоспарлары, талдау |
| 7 | «Білім беру мазмұнын жаңарту үрдісінде оқушылардың білімін бағалаудың тиімділігі» оқу –әдістемелік көмек | Ақпан | Л.Исаева | Шеберлік сабақ жоспары, хаттамасы |
| | «Озық технологияларды сабақта пайдалану арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру» | Наурыз | А.Анасова | Коучинг Жоспары Хаттама |
| 8 | Кәсіби қоғамдастықтың маңызы | Наурыз | Ф.Уйсинбаева | Дөңгелек стол жоспары, Хаттама, |
| 9 | «LESSON STUDY: Қиындықтар мен фактілер және оның шешу жолдары» мектепшілік семинар | Сәуір | Ж.Мелдехан Г.Уткельбаева З.Исабекова | Семинар жоспары, хаттамасы |
| 10 | Шығармашылық топ отырысы | Тоқсан сайын | Ж.Мелдехан | Хаттама |
| 11 | Қорытындылау | Мамыр | Ж.Мелдехан Г.Баймаханова | Жұмыс есебі |

**Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары: Г.Баймаханова**



# ШЕБЕРЛІК СЫНЫП

## “ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ”

Қазақ тілі мен әдебиетінің жоғары санатты
мұғалімі Жунисова П.

## Мақсаты: Функционалдық сауаттылық туралы теориялық түсінік беру, кеңесу,шеберлік сынып арқылы тәжірибемен бөлісу.

- Міндеттері:
- Функционалдық сауаттылықтың маңызы мен міндетіне тоқталу;
- Практика жүзінде қолданылатын әдіс- тәсілдер арқылы функционалдық сауаттылықты дамытудың жолдарын көрсету;
- Қатысушылардың ашық сабақтан көрген әдіс- тәсілдердің функционалдық сауаттылықты дамытудағы нәтижелігіне талдауы

**Хаттама № 1**

| | |
|---|---|
| **Мерзімі :** | 20.10.2023ж |
| **Тақырыбы:** | "Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту" мұғалімдерге шебер сынып |
| **Мақсаты:** | Функционалдық сауаттылық туралы теориялық түсінік беру, кеңесу,шеберлік сынып арқылы тәжірибемен бөлісу. |
| **Күтілетін нәтиже:** | ▸ Функционалдық сауаттылықтың маңызы мен міндетіне тоқталады |
| **Коуч :** | П.Жунисова |

**Қатысушылар:**

1.Исабеков Е

2 Джаулбаева А

3 Ұлықбек А

4 Бахитжан С

5 Баймаханова Г

6 Шұлғаубаева Ұ

7 Отарқұл М

8 Жолдасбаева Б

9 Исабекова З

10 Сералиева Г

11. Мырзатаева Б

12.Жаппарбеков А

13.Үсетаев М

14.Жүзжасаров Е

15. Отыншиев С

16.Үйсинбаева Ф

17. Абдукаликова А

**Сәтті кезеңдері**: Топқа бөлу, миға шабуыл кезеңдері және "Қонаққа бару " әдісі сәтті өтті

**Сәтсіз кезеңдері**: Сынды дұрыс қабылдай алмауы және тілдік қорларының жоқтығы

**Ұсыныс: Қазіргі уақыттағы функционалдық сауаттылықты дамытуда қолданылатын әдіс –тәсілдер пайдаланса**

# Коучинг сессия жоспары

**Тақырыбы:** STEM –мектеп оқушыларын оқы
тудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудің негізгі тренді

**Қатысушылар:** Пән мұғалімдері

**Өтетін орны:** Ж.Ташенов ЖББМ

**Мұғалімнің аты-жөні:** Уткельбаева Гульжахан Жанадиловна

| **Мұғалімдерге психологиялық ахуал туғызу** | **Коучтың іс-әрекеті** | **Мұғалімдердің іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| ***2 мин.*** | «Танысайық, ақ тілек тілейік» стратегиясы | Мұғалім өзінің оң жағындағы әріптесіне есімін айтып басқы әріптен басталатын, тілек айтады, **Бақыт – білімділік, береке,** |
| 2 мин | ***Топқа бөлу***<br>**От, Су, Күн, Ай** суреттері арқылы топқа бөлу. | Мұғалімдер осы атауларға сай топтарға бөлінеді. |
| 2 мин. | **Берілген сөздерді пайдаланып, топ ережесін шығару.**<br>*<u>Тәртіп, уақыт, есту, сыйлау, пікір құндылығы, шешендік.</u>*<br>(мен өз нұсқамды көрсетемін) | Мұғалімдер бірлесіп топ ережесін жасайды. Берілген қиындыларды жапсыру арқылы жасайды. |
| 3 мин<br><br>5 мин | . STEMдегеніміз не?<br>(презентация, қысқаша түсінік беремін)<br>Тапсырма:<br>1 топ «От» - *STEM-білім беру артықшылықтары*<br>2 топ «Су» - *STEM-білім беруді қалай үйлестіруге болады?*<br>3 топ «Күн» - *STEM-білім берудің нәтижесі қандай болады?*<br>4 топ «Ай» - *STEM-білім беру* үрдісінде оқушы мен мұғалімнің рөлі қандай деп ойлайсыз? | Көрсетілген мәліметтерді мұқият тыңдайды.<br><br>Постерде жасайды, ой бөліседі, қорғайды. |
| **3 мин**<br>**3 мин** | **<u>Бейнеролик</u> «Жаңа ғасыр технологиясы»**<br>**«Шексіз ойлау"** стратегиясы бойынша ойтолғау:<br>**«Болашақта білім беру саласындағы өзгерістер»** | Ауызша ойларын айтады. |
| 2 мин | **<u>Сергіту сәті</u>**<br>**Топ мүшелеріне мінездеме** | |

| | | |
|---|---|---|
| | От. Қай кезде де, қандай жағдайда да от болып жанып, өз білімдерін насихаттай білетін жандар.<br>Су. Жандары жақсылықты сүйетін, көңілдері судай таза, жаңалықтарға жаны құмар оқушылар.<br>Күн. Жанындағыларға жылу сыйлап жарқырап жүретін сәуле шашып белсенділікпен жұмыс жасайтын топ.<br>Ай. Ойшыл да арманшыл, қиындықтарға мойымайтын ержүрек, батыл жандар. | |
| 5 мин | <u>**Талдау**</u><br>**(Қарындаштың қандай қыры бар білесіздер ме? Сұрақ арқылы ойын білу әрі қарай мәтінді талдау, астарлы ойды анықтау)**<br>**«Қарындаштың 5 қыры»** әңгімесін талдау.<br>Бірде бала әжесінің хат жазып отырғанын көріп:<br>-Әже, сіз мен туралы жазып отырсыз ғой, иә? –деп сұрайды.<br>-Ия, сен дәл таптың ,мен сен туралы жазып отырмын.Мұнда менің не жазып отырғаным маңызды емес, немен жазып отырғаным маңызды.Мен сені өскенде мына карандаш сияқты болғаныңды қалаймын,- дейді. Бала карандашқа таңырқап қарайды, бірақ одан ешқандай ерекшелікті таппайды.<br>Ол: -Мен көріп жүрген карандаштардан өзгешелігі жоқ қой, - дейді<br>Әжесі: -Бәрі әр нәрсенің ішкі сырына үңілуге байланысты. Бұл қарандашта 5 түрлі қасиет бар.Ол саған өміріңе қажет болады, -дейді. Біріншіден, сен ақылды боларсың, бірақ сенің бағыттаушы қолың бар екенін ұмытпа дейді ...... астарлы ой: **сен әрқашан өз алақаныңның еркіне сен,ол сенің жол сілтеушің,- дейді.**<br>Екіншіден, жақсы жазу үшін, мен ол карандашты ұштауым керек. Бұл кезде ол карандашқа жанына ауыр тиеді,бірақ ұшталған карандаш өте | 1 топ «От» - Біріншіден, сен ақылды боларсың, бірақ сенің бағыттаушы қолың бар екенін ұмытпа дейді ...... ;<br>2 топ «Су» - Екіншіден, жақсы жазу үшін, мен ол карандашты ұштауым керек. Бұл кезде ол карандашқа жанына ауыр тиеді,бірақ ұшталған карандаш өте жіңішке жазады. ........ ;<br>3 топ «Күн» - Үшіншіден, Карандашпен жазғаныңның кейбірін қатеге есептеп өшіргішпен кетіресің. ......<br>4 топ «Ай» - Төртіншіден, карандаштың сырты ағаштан жасалғаны, оның пішіні мәнді емес, оның ішіндегі графиті мәнді. .......<br>***Әр топ астарлы ойды жалғастырады.*** |

| | | |
|---|---|---|
| | жіңішке жазады. ........<br>астары: **қандай да болмасын қиындыққа төз және ол саған өмірлік сабақ болады,- дейді.**<br>Үшіншіден, Карандашпен жазғанының кейбірін қатеге есептеп өшіргішпен кетіресің. ...... астары: **Есіңде болсын, өз қатеңді түзеу- барлық жағдайда жаман болмайды. Тура жолдан адаспауыңа көмектеседі,- дейді.**<br>Төртіншіден, карандаштың сырты ағаштан жасалғаны, оның пішіні мәнді емес, оның ішіндегі графиті мәнді. ....... астары: **Сондықтан әрқашан ішкі дүниеңде не болып жатқанын ойла,- дейді.**<br>Бесіншіден, карандаш әрине, жазғанда артында із қалдырады........ астары: **сен де карындаш сияқты өз іс-әрекетіңмен артында із қалдырасың. Қоғамға пайдалы іс істейсің. Әр қадамыңды ойлап бас,- дейді.** | |
| 3 мин | **Қорытынды Сыни тұрғыдан ойлау:**<br>**А) Сөзжұмбақ**: (интербелсенді тақтада сөздің астын сызады)<br>Тақтаға мынадай сөздер жазылады:<br>«Бірлік, бекінген, күш, төрткүл, әбестік, қалтырау, жетіген, сегізаяқ, тоғызқұмалақ, қонақ, қырықтық, келу, желтоқсан, жүзім, жымыңдаған»<br>**Сұрақ:** Бұл сөздерді қандай жәйт біріктіреді?<br>Жауабы: келтірілген сөздердің барлығында сан есім жасырылған.<br>**Ә) Сөзді тап:**<br>«Жақша ішіндегі тасталып кеткен сөзді табыңыздар»<br>**ақпан ( ....) алқоры**<br>**рақымшыл (......) қамқорлық**<br>**Сөздердің алғашқы буындарын қолданып, жаңа сөз жасау арқылы бос орынға сөз шығады.** | Берілген тапсырмаларды орындайды, дәлелдейді. |
| 2 мин | **Бағалау** | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Ұпайлар: (10-12 ұпай) 5- үздік, (7 – 9 ұпай) 4 - жақсы,<br>(5-7 ұпай) 3 - қанағаттанарлық<br>Топ жұмысын бағалау
<table>
<tr><td>№</td><td>критерийлер</td></tr>
<tr><td>1</td><td>Топтың бірлесе жұмыс істеуі</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Эстетикалық жағынан тартымдылығы</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Көпшілік алдында қорғауы</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Уақытқа бағынуы</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Ережеге бағына білулері</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жалпы ұпай саны</td></tr>
</table>
</td>
<td>Топтар бірін-бірі бағалайды,өз ой-пікірімен бөліседі.</td>
</tr>
<tr>
<td>1 мин</td>
<td>Кері байланыс «Екі жұлдыз бір тілек»<br>Екі жұлдыз = екі ұнаған нәрсе (жұмыс туралы);<br>Тілек – жақсартуды қажет ететін нәрсе. (алма стикерлеріне жазу)</td>
<td>«Алма ағашына» алма стикерлерін жапсыру</td>
</tr>
</table>

**Хаттама № 2**

| | |
|---|---|
| **Мерзімі :** | 17.11.2023ж |
| **Тақырыбы:** | STEM –мектеп оқушыларын оқы<br>тудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудің негізгі тренді |
| **Мақсаты:** | Дәстүрлі білімге тән практикалық міндеттерді шешуден алшақтықты еңсеру және оқушыларға түсінікті оқу пәндері арасында байланыс орнату. |
| **Күтілетін нәтиже:** | Практикалық маңыздылық аспектілерін және оқу материалының өмірімен байланысын күшейтеді. |
| **Коуч :** | Г.Уткельбаева |

**Қатысушылар:**

.Исабеков Е

Д.Смаилов

Джаулбаева А

Ұлықбек А

Бахитжан С

Баймаханова Г

Шұлғаубаева Ұ

Отарқұл М

Жолдасбаева Б

Исабекова З

Сералиева Г

. Мырзатаева Б

.Жаппарбеков А

.Үсетаев М

.Жүзжасаров Е

. Отыншиев С

.Үйсинбаева Ф

. Абдукаликова А

**Сәтті кезеңдері**: *STEM-білім беру артықшылықтары* сәтті өтті

**Сәтсіз кезеңдері**: Сынды дұрыс қабылдай алмауы және тілдік қорларының жоқтығы

**Ұсыныс:** *STEM-білім беру* үрдісін күшейтсе


STEM – мектеп оқушыларын оқы
тудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудің негізгі тренді

# STEM білім беру дегеніміз не?









Желтоқсан 2023 ж. **«Білім беру платформаларының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану»** тақырыбында шебер-сынып өттім.

**Шебер сыныптың негізгі мақсаты :** Шебер-сынып қатысушыларына әдістемелік көмек көрсету;

- Қатысушылардың өздерінің кәсіби шеберліктеріне ой жүгірте білуі;
- Үйренушілердің қызығушылығын тудыру;
- Оқу материалын тиімді меңгеру

Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін сабақ үрдісінде қолдану жолдары топтық жұмысты бағалауға арналған перфокарта «домбыраны» қолдана отырып, берілген тақырып бойынша топтық, жұптық жұмыстар жүргіздім. Оқыту мен оқуда қолданылатын ең ұтымды шыққан, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану үрдісі бойынша қысқаша ақпарат беріп, таныстырдым. Презентация, жұмыс жүйесі, қолданылатын технология ,әдістер т.б түсіндірдім.

Рулетка, пазл құрастыру, аквариумдағы балықтар, пингвинді тамақтандыру , т.б. әдіс-тәсілдердің сабақ барысында жүргізілуі туралы мәлімет слайд арқылы жүргіздім.

«Аквариумдағы балықтар» әдісі арқылы топтарға бірігіп, сұрақ-жауап арқылы өз топтарының жұмыстарының құндылықтарымен таныстырдым. «Домбыра « әдісі бойынша өз-өздерін бағалап отырды.

**«Аңдар ізімен»** әдісі. Іздердегі тыныс белгісіне қарай сөйлем құрайды.

Топта PiliApp платформаларының ойынын , Wordwall платформасының қосымшаларындағы тапсырмаларын орындатты, платформада тапсырма орындау жолдарын да үйреттім.

**«SMS»** әдісі арқылы, смартфон парақтарын таратып, кері байланыс жүргіздім.





"Білім беру платформаларының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану" шебер-сынып







Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебінде
«Білім беру платформаларының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану»
тақырыбында өтілген шебер-сынып

## ХАТТАМАСЫ

**Өткізілген уақыты: желтоксан.**
**Қатысқаны:17**
**Қатыспағаны:0**

**Күн тәртібінде:**

1. «Білім беру платформаларының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану» тақырыбында өтілген шебер-сыныпты талдау

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Г.Баймаханова сөз алды. Ол өз сөзінде шебер-сыныптың өте жақсы деңгейде өткізілгендігін, әдіс-тәсілердің түрлерімен жақсы таныстыра білді, сонымен қатар оқу мен оқытуда қолданатын платформалардың тиімділігін жақсы түсіндіре отырып, жасалу жолдарын үйретті, деді. Көрсетілген слайдтар бойынша өз-тәжірибесінде сабақ үстінде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігін жақсы жеткізіп айтты. Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Ү.Шұлғаубаева сөз алды, ол өз сөзінде өткізілген шебер-сыныптың ұнағаны және өзіне түртіп алар жерлері көп болғаны, сонымен қатар тиімді әдіс-тәсілдер көп, шебер-сынып өте қызықты болғанын айтып өтті. Математика пәнінің мұғалімі А.Мекенбаев өзіне жаңа мағұлматтар алғаны шебер-сынып өз мақсатына жеткенін, сонымен қатар осындай шаралар көбірек болса, алар -түйеріміз де көп болар еді деп сөзін аяқтады.

Бастауыш сынып мұғалімі айтылған тілектерге алғысын білдіріп, ұсыныстарды оңынан қабылдап, мен бүгінгі коучинке өз ізденістеріммен, іс-тәжірибеммен бөлістім деген ойдамын. Ат салысып қатысқандарыңызға үлкен рахмет деп алғысын білдірді.

**Қаулы:**

Шебер сынып өз мақсатына жетті. Өтілген шара «жақсы» деп танылсын.

Хатшы : .............................................

*Ж.Ташенов атындағы жалпы білім беретін мектебі*

# *Шебер сынып*

***Тақырыбы:***

*«Қалыптастырушы бағалауды қолдану тиімді ме?»*

***Пән мұғалімі: Ф.Уйсинбаева***

Тексерілді

# Шебер сынып жоспары

| | | |
|---|---|---|
| **Мерзімі:** | 23.01.2024 жыл | |
| **Шебер сынып тақырыбы:** | ***«Қалыптастырушы бағалауды қолдану тиімді ме?»*** | |
| **Мақсаты:** | *Ой-өрісін дамыту, білімді, әрі дағдыланған терең ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлғаны қалыптастыру* | |
| **Сілтеме:** | *Интернет ресурстары, үлестірме материалдары* | |
| **Оқу нәтижесі** | *- Өз ойларын, пікірлерін ашық айтып, қорытынды жасауға үйренеді* | |
| **Негізгі идея** | *-Кез келген оқу материалындағы мазмұнды сынау емес сын тұрғысынан қарау арқылы ұтымды жауап іздеп,терең ойлауға дағдыландыру.* | |
| **Қолданылатын ресурстар:** | *Кеңсе заттары, флипчарт, интерактивті тақта, плакат, стикер,маркер, слайдтар* | |
| **Оқыту әдістері:** | *1.Сыни ойлау 2.Диалог 3.Жеке жұмыс 4.Жұптық жұмыс 5.Топтық жұмыс 6.АКТ* | |

**Шебер сынып бойынша жүргізілетін іс-әрекеттер:**

| **№** | **Уақыт** | **Коучтің іс-әрекеті** | **Мұғалімдердің іс-әрекеті** |
|---|---|---|---|
| **1-әрекет «Қар кесегі» әдісі**  | **5 минут** | 1. Психологиялық дайындық<br>1. Қатысушыларға парақ қағаз таратылады. (Ол қағазға өздерін қай жануардың,құстардың мінезіне теңейтінін жасырын түрде жазып береді. Содан кейін ол қағазды умаждайды да, бір-біріне қар кесектегендей лақтырады.Кейін қағазды ашып кімнің жазғаны екенін табады. | Мұғалімдер өздерінің мінезін неге ұқсататынын жазады |
| **2-әрекет Топтарға бөлу**  | **2 минут** | 1-топ<br>2-топ<br>«Стакан» арқылы топқа бөлінеді | Мұғалімдер өздерінің таңдаулары арқылы топқа бөлінеді. |
| **3-әрекет**<br>**Топтық жұмыс**<br>**«Пирамида» әдісі** | **5 минут** | ***Стакандардағы сөздерді құрау арқылы Пирамида құрастырады.***<br>*Критериалды бағалау* ***– оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес,ұжым ішінде өңделген, оқушыға ата- анаға және мұғалімге түсінікті*** | Топпен жұмыс жасауға үйренеді |

| | | | |
|---|---|---|---|
|  | | ***нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.***<br><br>*Қалыптастырушы бағалау* ***- оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамассыз ететін және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін бағалаудың түрі болып табылады.*** | |
| **4-әрекет**<br>**Постермен жұмыс**<br> | **15 минут** | ***«Жұмыртқа ашу» әдісі***<br>***Тапсырма***<br>***1 топ***<br>***Қалыптастырушы бағалаудың түрлері және оның тиімділігі?***<br>***2 топ***<br>***Сабақ барысында бағалауға қолданылған әдіс-тәсілдер және оның пайдасы?***<br><br>*Қызығушылық пен таным белсенділігін арттыру.*<br>*(топтау, бақылау, қалыптастыру)* | Мұғалімдер берілген тапсырмаға жазбаша жауап білдіреді. |
| **5-әрекет**<br>**Сергіту сәті** | **5 минут** | **«Балқия» қолмен қимыл жасау** | «Балқия» өлеңін айта отырып, сергиді. |
| **6-әрекет**<br>**Жеке жұмыс**<br> | **7минут** | ***«Шәй» әдісі*** бойынша<br><br>**Тапсырма**<br>**1. Өзара бағалау дегеніміз не?**<br>**2. Сабақта қандай қалыптастырушы бағалау тәсілін қолданасыз?**<br>**3. Сабақта оқушыларға қандай кері байланыс қолданасыз?**<br>**4. Бағалау дегенді қалай түсінесіз?**<br>**5. Бағалау не үшін қажет?**<br>**6. Өзін-өзі бағалау туралы ойыңыз?**<br>**7. Мұғалімнің рөлі қандай?**<br>**8. Оқушыдан кері байланыс алған дұрыспа?**<br>**9. Топпен бағалау дұрыспа?**<br>**10. Оқушының жұмысын қалай бағалайсыз?** | Мұғалімдер мәтінді оқып, өзіндік пікірлерін айтады |
| **7-әрекет**<br>*Бағалау* | **3 минут** |  | Топтар бірін-бірі бағалайды |





